

облысының Қоңырат әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырған. Бұдан бұрын «Ерлігі үшін» медалімен, «Қызыл Жұлдыз» орденімен және ШДәрежелі Даңқ орденімен наградталған. Үй адресі: Қазақ ССР-і, Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, Киров селолық Советі»[1,146.].

Сондай-ақ батыр жайлы естеліктердің бірінде:«Қиыр Шығыста жүргенде, - дейді запастағы офицер Шәкіжан Сүйменбаев, ротаның командирі Корчиков пен комиссар Крючков: «Нұржанов Қазыбекке жорық та, жұмыс та, түн де, күндіз де, қиыншылық біткеннің бәрі бір. Ол көңілді де, қуанышты қалыпта», - делінген[3].

Тағы бір деректерде Орлов атқыштар дивизиясы бесінші ротасының бұрынғы командирі А.Васильев алғашында Қ.Нұржановпен қалай танысқаны жайлы баяндайды:«Қыр мұрынды, домалақ жүзді Қазыбек жұрттың көңілін өзіне бірден аударатын. Кішіпейіл, айтқанды қалтқысыз орындайтын Нұржановты командир жауынгерлерге үлгі ететін. Уақыт деген зымырап өтуде. Соғыс кезінде ерлікпен қаза тапқан Қазыбек досымның елінде, Қазақстанда әлі болғаным жоқ. Бірақ оның ерлігін балаларым мен немерелеріме жыр қылып айтып, бейнесін мәңгі есте сақтаймын», - дейді [1,336.].

Ең өкініштісі батырдың жерленген жерін ұзақ уақыт бойы табу мүмкін болмады. Қанша жылдық зерттеулер нәтижесінде, Қазыбек Нұржановтың жерленген орны 2010 жылы ғана белгілі болды. Бұл үшін Қазақстаннан Белоруссияға арнайы делегация бірнеше рет барды. Арада қаншама уақыт өтсе де, орыс жұрты Қазыбек Нұржанов есімін ұмытар емес. Жыл сайын жеңіл атлетикадан оқушылар арасында жарыс өткізіп тұрады. Қыркыншы рет өткізілген жарыста біздің еліміздің делегациясы бірінші рет қатысты. Жергілікті қызыл ізшілер көп жұмыс атқарып, батырдың қалай қаза болғанын анықтаған. Бұған дейін 1944 жылғы 14 шілдеде қайтыс болды делінген болатын. Қаза болған жері де белгісіз еді. Кейінгі одақтық құпия мұрағаттардың ашылуының арқасында, батырдың қаза болған уақыты нақтыланған болатын. 1944 жыл 24 шілде... Гвардия аға сержантының осы Волковыск үшін соғыста көзсіз ерлік көрсетіп, ауыр жараланып, госпитальға түскені айтылады. Одан арғы деректердің бәрі күмәнді еді.

Белорустар батырдың осы жарақаттан қаза болғанына сенімді еді. Ал осыған дейінгі деректерде батырдың Германия жерінде қаза болғаны жайлы айтылып келген еді. №196 госпиталь құжаттарын зерттей отыра, олар Қазыбек Нұржановтың Деречин селосында Қазыбек Муржаков болып жерленгенін дәлелдеп шығады.

Қазыбек Нұржановтың соңғы демі үзілер шақ, Волковыск қаласы спорт қалашығы делінеді. Оның ішінде спорттық ойын түрлері жеңіл атлетика, гимнастикаға спортшылар көптеп қатысады. Жарысқа қатысушылар сап түзеген соң, екі мемлекеттің туы көтерілді. Ел ұрандары айналды. Бірінші рет. Қырық жылдан соң. Қарапайым белорустың жылағанын көріп өзіміз де босадық. Волковыск қаласынан 5 батыр шыққан екен. Бірақ Қазыбек Нұржановқа деген жергілікті тұрғындардың құрметі атымен бөлек. Қазақ беларусы дейді. Кеңес Одағының батыры атағын алған 528 қазақстандық бар. Солардың бірде біреуінің құрметіне шетелде жарыс өткізілмейді. Мұндай құрметке ие болған тек Қазыбек Нұржанов ғана[5]!

Осы тұрғыда Белоруссияға делегация мүшелерімен барған Қазыбек Нұржановтың немересі Марат Нұржановпен байланысып, Белоруссияға сапарлары жайлы мәліметтер алған болатынмын. Бұл зерттеу жұмысымды маңызды деректермен толықтыруға септігін тигізді.

Бүгінде Волковыск қаласының бір көшесіне Қ.Нұржановтың аты берілген, Қаһармандар аллеясында есімі жазылған.

1965 жылы Үшарал ауылындағы батырдың өзі оқып, жұмыс істеген мектебіне Қазыбек Нұржановтың есімі беріліп, 1975-1976 оқу жылы мектеп Қоңырат совхозының орталығына (қазіргі кезде – Ақтоғай ауданы, Жидебай селолық округі, Сәуле ауылы) жаңадан салынған мектепке ауыстырылды. Сол жылы мектептің жанына ескерткіші қойылды. Ақтоғай селосында Қ.Нұржановтың атындағы көше бар. Батырлар саябағында ескерткіші орнатылған, Үшарал ауылында 2019 жылы Батырдың 100 жылдық мерейтойының құрметіне орай – Саябағы ашылып, Қарағандының жеңіл атлетика манежіне және бір көшесіне есімі берілді.

Батырларымызды мәңгі мақтан тұтып, естен шығармау, келешек ұрпақтың борышы, ата-бабамыздың соңғы демдері үзілгенше күрескен тәуелсіздігі, бізге қалдырған басты аманаты! Қазыбек атамыз бейбіт өмірде ұстаз бола білсе, қан майданда асқан ерлік көрсеткен барлаушы бола білді. Батырларымыздың ерлік істері өскелең ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақпанбаева Т. Ақтоғайлық қос қыран. – Қарағанды: «Tengri Ltd» ЖШС, 2019. – 204б.
2. Айдынғали А., Айдынғалиқызы Ұ. Өзі сұранып соғысқа аттанған. // Sarbaz, 2019 ж. 7 маусым, - №23.
3. Нұржанов М. Ардақты ағам еді. // Тоқырауын тынысы, 1999ж. 4 қыркүйек. - 6 бет.
4. Қаленов Қ. Өшпес ерлік, өлмес мұра. // Тоқырауын тынысы, 2005. 238-253бб.
5. Төрехан Майбас. Деречин жерінде. // Орталық Қазақстан. - №25, - №26, - №27.

## ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ:ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІ

Бақыт Ж.Ш

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.

Ұлы Жібек жолы-біздің ата-бабаларымыздан қалған құнды мұра. Бұл жол-Шығыс пен Батыс арасындағы сауда,мәдениет және идея алмасуын жүзеге асырған тарихи маңызды көлік дәлізі екендігі белгілі.Ұлы Жібек жолы тарих сағанасын өзгерткен , өзінің өшпес таңбасын қойып кеткен, адамзаттың ең үлкен жетістігі,тарихи ескерткіші.Ол адамзат тарихындағы ең ірі сауда және байланыс желілерінің бірі.Жерорта теңізі мен Қытай аралығын қамтып, Евроазияның едәуір бөлігін басып өткен керуен.

«Ұлы Жібек жолы» деген ежелден келе жатқан ат емес. Бұл атау тек 1877 жылы пайда болды. Оны неміс географы Фердинанд фон Рихтгофенқалыптастырды. Сол кезеңнен бастап осы бір сәтті табылған атау адамзаттың таң қаларлық жетістігінің куәсі болып, халықтар соның арқасында бір-бірімен ғылыми ойларымен, мәдени және діни идеяларымен бөлісе бастады. Жібек жолы қазіргі күнгі INTERNET секілді сан ғасырлар бойы ел мен елді біріктірген мағлұмат саласы болып табылады.[1,37-386].

Тарих атасы Геродоттың мәліметіне сүйенсек, жолдың бағыттары: Қара теңіз жағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі Орал тауы етегінен Ертіске, Алтайға,сонан Жоғары Ертіс пен Зайсан көлін мекендеген аргиппейлер еліне қарай созылады. Бұл жолмен былғарылар мен терілер, иран кілемдері, құнды металдардан жасалған бұйымдар кең таралып бастады.[2,66].Осылай тарихта жаңа белес,жаңа жетістік өз бойын көтере бастады.Дегенмен II-XVI ғасырда өмір сүрген керуеніміз бірден пайда болған жоқ және Қазақстанның айтарлықтай бөлігі оның бір бөлшегіне айналғаны немесе географиялық-стратегиялық орналасуы кездейсоқтық емес. Осы орайда көкейде сұрақтар туындайды: Ұлы Жібек жолы деген не?Транзит деген не және оның Ұлы Жібек жолына қандай қатысы бар? Ерте заманда пайда болған Ұлы Жібек жолының қазіргі Қазақстанға әсері қандай?

Ұлы Жібек жолы-тарихи жетістік, ежелгі сауда жолдарының күрделі жүйесі. Ол Азияның шығысынан Батыс Еуропаға дейін созылды,яғни Чжан Цяньның жасаған саяхаты нәтижесінде б.з.б II ғасырда ашылды. Оның негізгі тармақтары Қытайдың Сиань қаласынан басталып, Орталық Азия арқылы өтіп, қазіргі Иран, Араб түбегі, Жерорта теңізі аймақтарына дейін жетті. Жолдың шекаралары әртүрлі бағыттарға тармақталып, Қытайдан Орта Азияның Самарқанд, Бұхара, Ташкент сияқты қалалары арқылы Парсы шығанағы, Рим империясы мен Жерорта теңізіне дейін жеткен.Жібек жолының үш негізгі бағыттары болды:

1. Солтүстік тармақ: Тарим бассейні мен Тянь-Шань таулары арқылы.
2. Орталық тармақ: Орта Азияның шөлді және тау өткелдері арқылы.
3. Оңтүстік тармақ: Гималай етегінен өтіп, Үндістан мен Парсы шығанағына дейін.

Бұл сауда желісі тек тауарларды ғана емес, сонымен бірге мәдениет, дін және технологиялар алмасуын қамтамасыз етті. «Ұлы Жібек жолы» I-II ғасырлар аралығында жақсы дамыды. Ұлы Жібек жолы Қазақстанның біраз бөлігін басып өтіп,тіпті ортағасырларда аялдаған Қазақстанның мақтанышты қалаларын да өз жолына,тарихынаенгізді.ОларОңтүстік Қазақстан,Тараз,Аулиеата,Шымкент,Қызылорда,Алматы,Ақтөбе және т.б – тарихи маңызы бар Жібек жолының сауда нүктелері.Кейбір қалаларда орналасқан керуен-сарайлар, Жібек жолы өткендігіне дәлел болады және оларды қазіргі таңда кездестіре аламыз.Сол кездегі сауданың басты тауары Қытайда өндірілетін жібек болғаны белгілі. Сондықтан жол «Жібек жолы» деп аталғандығын аңғаруға болады. Жібекпен бірге Шығыстан Батысқа, Батыстан Шығысқа Римде, Францияда, Византияда, Русьте, Иран мен Араб халифатында, Ерте Түрік қағанаттарында, Қытайда, Кореяда және Жапонияда өндірілген көптеген тауарлар тасымалданған. Мұндай экзотикалық тауарларды атап айтсақ,олардың тізімі өте үлкен. Олар: хош иісті заттар жасмин-(ақгүл, ақтамақгүл) суы мен амбра иіс майлары, кардамон астатымы, мускат жаңғақтары; женьшень мен дәрі-дәрмектер; кілемдер мен кенептер, бояулар мен минералдық шикізаттар; алмаз, яшма, янтарь мен теңіз маржандары; дандандар, морж сүйегі мен азу тістері, алтын мен күмістер; қымбат терілер мен теңгелер: садақ-жебелер, кылыш пен найзалар және тағы да басқа көптеген заттар болғаны белгілі.Тек тауар ғана емес,діндер мен дәстүрлерде жер шарына осы Ұлы Жібек жолы арқылы таралғанын айтып өткен болатынбыз.Діндерден Буддизм,Ислам,Христиандық,Зороастризм,Даосизм және Конфуцийлікті атап айтуға болады. Бұлардың Жібек жолы арқылы таралғанына жеке-жеке дәлелдер де бар. Соның бірі-Буддизм. Ол Қытайдан Орталық Азия мен Қазақстанға тарайды. Оған дәлел: Шығыс Қазақстандағы Бұлантты мен Талғар сияқты жерлерде буддистік ескерткіштер мен монастырьлар табылған болатын. Осындай кезеңдерді қамтитын керуен-жолыныңда мәресі келген уақыттар болды. Уақыт өтіп,заман дамып, адамзат ғажапстандары тағы өрши түсті. «Заман ауыса,талап та өзгереді» демекші, жаңа ашылулар нәтижесінде Ұлы Жібек жолы оты бірте сөне берді.Ол ашылу бәрімізге белгілі, атағы жер жарған Ұлы географиялық ашылулар болатын.Ұлы Жібек жолының рөлі құрлықта болса,ал жаңа жетістік Ұлы Географиялық ашылулар су бетінде болды.Ұлы географиялық ашылулардан кейін тауарларды теңізден тасымалдау адамзат үшін тез әрі тиімді болды.Сол заманда адамдардың бар назары Ұлы Географиялық ашылуларға ауғанымен, Ұлы Жібек жолының беделі төмендесе де, сол жол арқылы құрлықта тауар тасымалдау тоқтаған жоқ.Олай болса,Жібек жолы тек сауда жолы болып қана қалмай,дүние жүзі өркениеттерін тоғыстыра отырып,адамзат қоғамының дамуына ерекше үлес қосты деп есептейміз.

Екінші транзитке тоқталатын болсақ, ол сауда саттықпен өзара байланысты, бірақ мағынасы әртүрлі ұғымдар. Транзит-тауарлардың немесе адамдардың өз елінен басқа елге, аралық елдер арқылы тасымалдануы. Тауарлар транзит елде қалып немесе сол елде сатылмайды, аралық елдің үстінен өтеді: жол, теміржол, порттар және т.б. Ал сауда-саттық – осы тауарлардың экономикалық қатынастар арқылы алмасуы. Ұлы Жібек Жолы транзит пен сауда-саттықтың маңызды арнасы болып табылады. Ұлы Жібек Жолы транзиттік қатынастардың ең бастамасы десекте қателеспейміз. Жер шарындағы ең алғашқы әлемді түйістірген транзиттік әлеует-осы Ұлы Жібек жолына тиесілі. Ұлы Жібек жолы ерте дәуірден XVI ғасырға дейін созылған үлкен өмір сахнасын көрген керуен және аяқ басқан шыңы көп тарих. Осындай үлкен уақытта Еуроазианы толық үш тараппен айналып шыққан Ұлы Жібек Жолының транзиттік әлеуетін көрмесекте сезінеміз. Ғаламда техника атаулысы болмаған кезде, қарапайым табиғат жаратылыстары түйе-жылқыларымен, тауар тасымалдап, кейбір елдерден қастарына жолаушы ертіп алатын, қауіпсіз дейтін керуендердің бірі болатын. Оны сол кездегі алып империя, қағанат, мемлекеттер қанатының астына алып қорғайтын. Ең сенімді дейтін алғашқы ауқымды транзиттік қатынас болып есептеледі. Ол заман талабымен, өмір ағысынан кетіп қалса да, болашақтағы біз секілді ұрпақтарға керемет тарихпен қоса, мәдени және экономикалық тұрғыдан мемлекетіміздің дамуына өз үлесін сонау заманнан қосып кеткен болатын. Яғни, Ұлы Жібек жолы арқылы тасымалданған сауда керуендері Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына айтарлықтай көмегін тигізді. Қазақстанның географиялық орналасуы мен оның кең байтақ даласы осы жолдың үлкен бөлігін қамтығандықтан, Еуразияның жүрегінде орналасқан ел тарих бойы маңызды сауда жолдарының торабында болғанын дәлелдейді. Қазіргі уақытта осы тарихи жолдың ізімен жаңа көлік дәліздері салынууда. Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы сауданы қайта жандандыруда маңызды рөл атқаруда, бұл елдің транзиттік әлеуетін арттыруға, жаһандық нарықтардағы орнын нығайтуға мүмкіндік беруде. Бұл дегеніміз-Қазақстанның транзиттік инфрақұрылымы елдің стратегиялық артықшылығының көріністерінің бірі болып табылады. Еуразияның қақ ортасында орналасқан Қазақстан Шығысты Батыспен, Солтүстікті Оңтүстікпен байланыстыратын маңызды көпірге айналады деп білеміз. Қазақстанның географиялық орналасуы мен оның табиғи ерекшеліктері, Еуразия континентінің дәл жүрегінде, Еуропа мен Азияның ең ірі экономикалық дамыған елдерімен және бай тұтынушылық нарықтармен шектесуі сөзсіз, халықаралық көлік желісіне қосылуға бірегей мүмкіндік береді. Қазақстанның географиялық жағдайы оның кеме қатынасы әлеуетін айқындайтын негізгі факторлардың бірі екені осы тұста айқындалады. Осы артықшылықтың арқасында Қазақстанның көлік инфрақұрылымын дамыту экономикалық өсудің және елдің халықаралық аренадағы, автомобиль, теміржол және әуе баделін арттырудың маңызды құралы болып табылады. Бұл мүмкіндіктердің бәрі де еліміздің стратегиялық орналасуы мен көлік инфрақұрылымының дамуына байланысты екені хақ.

Жаһандық экономикада жаңа жолдардың қалыптасуында, әрине, Қазақстанның халықаралық көлік жүйесіне қосылуы мен оны жаңартуы талап етіледі. Соңғы онжылдықтарда осы инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылуда, яғни "Нұрлы жол" бағдарламасы сияқты ауқымды жобалар іске асырылуда. Бағдарлама еліміздің көлік-логистикалық инфрақұрылымын жаңартуға және кеңейтуге бағытталған. Жаңа Жолдар салу, қолданыстағы жолдарды қайта құру және логистикалық орталықтарды дамыту есебінен Қазақстан Еуразия құрлығындағы маңызды транзиттік тораптардың біріне айналуға ұмтылғандығы анық. Сонымен қатар, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыруға тұғыр болған, Шығыс пен Батыс арасындағы қашықтықты қысқартуға мүмкіндік беретін бес негізгі көлік дәліздері бар. Олар: Солтүстік дәліз-Трансасиялық теміржол арқылы Батыс Еуропаны Қытай мен Корея түбегін байланыстырып, бұл жолды әлдеқайда қысқартады; Оңтүстік дәліз-Трансасиялық теміржолының бағыты Оңтүстік-Шығыс Еуропа мен Қытайды байланыстырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сондай-ақ, Солтүстік-Оңтүстік дәлізі Ресей, Иран және Қазақстан арқылы Солтүстік Еуропа мен Парсы шығанағы елдерін байланыстыра отырып, әлемдік саудада маңызды рөл атқарады. Бұл дәліздер қазірдің өзінде Қазақстан үшін экономикалық тиімділік әкеліп, елдің халықаралық көлік байланыстарын арттыруға септігін тигізіп отыр. Ал, Теміржол инфрақұрылымы Қазақстанның көлік жүйесінің негізі болып табылады. Елдің теміржол желісі Қытаймен, Ресеймен, Еуропамен және Орталық Азиямен байланыс орнатады. Мысалы, Жібек жолының экономикалық белдеуі шеңберінде салынған Қытай мен Еуропа арасындағы теміржол желілері Қазақстанды халықаралық сауда дәлізінің маңызды бөлігіне айналдырды. Жылдам және тиімді көлік жүйесі елге қосымша экономикалық табыс әкеледі және оны шетелдік инвесторлар үшін тартымды орынға айналдырады. Қазақстанның маңыздылығы географиялық тұрғыдан ерекше орын алатыны бүкіл әлемге мәлім. Оны Еуропа мен Қытайдың арасындағы сауданың өсуі қайта дәлелдеп, Қазақстанның географиялық орналасуын бұрынғыдан да маңызды етті. Яғни, бұл дегеніміз-Қазақстанның транзиттік әлеуетінің ұлғаюына нақты мүмкіндік ашылууда. Мұның бәрі де Ұлы Жібек жолының жаңғыруы мен Қазақстанның осы жолдағы тарихи рөлін жаңа дәрежеге көтеруге жағдай жасауда. Автомобиль жолдарын дамыту Қазақстанның көлік инфрақұрылымын жақсартуда да маңызды рөл атқаратыны ақиқат. Елдің негізгі магистральдары тауарларды Қытайдан Ресейге, содан кейін Еуропаға тасымалдауды қамтамасыз етеді. Бұл бағыттар Қазақстанның ішкі нарығына ғана емес, Еуразиялық экономикалық одақ пен Орталық Азияның барлық елдеріне жүк тасымалдау қызметтерін көрсетеді. "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізі Қазақстанның автомобиль жолдарының маңыздылығын көрсететін ірі жобалардың бірі болып табылады. Әуе көлігі де Қазақстанның көлік инфрақұрылымын дамытуға да зор үлес қосуда. Астана мен Алматы халықаралық әуежайлары Азия мен Еуропа арасындағы транзиттік жолаушылар тасымалының стратегиялық торабына айналды дей беруге де болады. Соңғы жылдары жүк авиатасымалдары қарқынды дамып келеді, бұл

Қазақстанның жүк тасымалдарының әлеуетін одан әрі арттыратыны айқын. Бұл ретте Қазақстанның кеме қатынасы әлеуетіне әсер ететін шарттардың бірі ЮНЕСКО-ның Ұлы Жібек жолын қайта құруды кезең-кезеңімен іске асыруын айтпай кете алмаймыз.

1988 жылы ЮНЕСКО Ұлы Жібек жолы елдерімен бірлесіп ауқымды зерттеулер мен қалпына келтіруді бастады. Оның барлық негізгі мақсаттары тарихты насихаттап қастерлеу, жаңа археологиялық артефактілерді зерттеу, оларды карта бетіне шығару және осы жолда мемлекеттермен тығыз ынтымақтастық орнату болды. Бұл Еуропадағы түркітілдес елдердің сөзсіз өсуін қамтыған бастама. ЮНЕСКО-ның бұл бастамасы Қазақстан сияқты елдерге Ұлы Жібек жолының мәдени, тарихи және экономикалық маңызын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Осы тұста, Ұлы Жібек Жолы өзінің ерекшелігімен, бастамаларымен тек Қазақ еліне ғана емес, бүкіл әлем азаматтарына ғибрат болғанын аңғарамыз!

Қорытындылай келе, Ұлы Жібек жолы ежелгі заманда Шығыс пен Батыс арасындағы сауда, мәдениет және идея алмасуының ең маңызды дәлізі ретінде адамзат тарихында өшпес із қалдырды. Бұл тарихи жол Қазақстан үшін экономикалық, мәдени және геосаяси тұрғыдан аса маңызды болды. Қазақстанның кең-байтақ аумағы Ұлы Жібек жолының негізгі бөлігін қамтыды, бұл елдің дамуына ерекше ықпал етті. Әрбір көлік дәлізі Қазақстанның халықаралық аренадағы орнын нығайтуға, сонымен қатар Ұлы Жібек жолының жаңғыруы арқылы елдің тарихи рөлін жаңартуға мүмкіндік беріп отыр. Тауарлардың немесе адамдардың елден-елге транзиттік тасымалдануы бүгінде жаңа заманда сауда-саттықтың маңызды бір бөлігіне айналды. Ұлы Жібек жолы осы тұрғыда транзиттің ең бастамасы, әлемді түйістірген алғашқы жаһандық жол болды. Бұған еш күмән жоқ, қазақтың кең байтақ даласы, Ұлы Жібек жолының жүрегі бола отырып, біздің елімізге ғаламдық сауда мен мәдениет көшінде ерекше орын береді. Сол жолдың іздері бүгінгі күнде жаңаша өмір сүруде, әрі Қазақстан әлемнің маңызды көлік торабына айналуға зор мүмкіндік алды. Тек өткен тарихтың мәнін терең түсініп, оны келер ұрпаққа жеткізу ғана емес, осы жолмен Қазақстанның болашақта әлемдік экономикадағы орны күшейе түсеріне айғақ болып табылады. Осылайша, Ұлы Жібек жолының жаңғыруы Қазақстанның болашақта әлемдік экономикадағы рөлін күшейтуге негіз бола алады. Тарихтың тамырынан таралған керуен жолы, мәдениеттер тоғысқан өркениет көпірі, бір дәуірдің алтын артериясы, адамзат тарихындағы ынтымақтастықтың ұлы үлгісі, барлық мақтау-мадақтар ұлы тарихтың бір бөлшегі Ұлы Жібек жолына тиесілі! Өткенді саралап, мәні мен мағынасын, келер ұрпаққа жеткізу баршамыздың қасиетті борышымыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары.- Алматы: Аруна Ltd, 2007.-384б.
2. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан.- Алматы: Қазақстан, 1992.- 198 б.
3. Гумилев Л.Н. Древние Тюрки. – Москва, 1967.-507 б.
4. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том.- Алматы: Атамұра, 2010.-544 б.

## **ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ ЖЕР-СУ РЕФОРМАСЫ**

Дулатов Р.Қ.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Темиржанова Ш.М.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

Rahatdk@mail.ru

Қарағанды қ.

Тұрар Рысқұлов атақты білімді әрі іскер адамдардың отбасында тәрбиеленген. Жасынан алғыр, білімге құштар болған Тұрар түрлі оқу орындарында білім алып, кеңес билігі орнағаннан кейін саяси қызметке араласа бастады. Тұрар Рысқұлов Кеңес өкіметі кезінде бірнеше маңызды лауазымдарда қызмет атқарды, оның ішінде Қазақстанның халық шаруашылығы жөніндегі комиссары және Түркістан республикасының халық комиссары болды. Оның ең маңызды реформалық шараларының бірі – ауыл шаруашылығын дамыту мен жер-су реформасын жүргізу еді. Ол жерді әділ бөлу мен суармалы егіншілікті дамыту үшін көп күш салды. Т.Рысқұловтың реформалары ауыл шаруашылығын жаңғыртуға бағытталады [1, 1 б.].

Жер-су реформасы - патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген отарлық саясатының зардаптарын жоюға және 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісінен кейінгі жазалау шаралары кезінде жергілікті халықтардан тартып алынған жерлерді бұрынғы иелеріне қайтаруға бағытталған аграрлы реформа немесе жерге қатысты саясат [1, 2 б.].

Тұрар Рысқұлов ұлттық мүддені жоғары қойып, қазақ жерінің ұлттық меншік ретінде сақталуына күш салды. Ол Қазақстанның табиғи ресурстарын, оның ішінде жер мен су қорларын тиімді пайдалану қажеттігін түсінді. Қазақстанда 1921-1922 жылдары ЖЭС аясында жүргізілген шаралардың бірі жер-су реформасы болды. Реформаның негізгі міндеті 1920 жылы құрылған ҚАКСР-нің аумағында қазақ жерлерін біріктіру болды. Патшалық биліктің жүргізген саясаты нәтижесінде Қазақстанда жер мәселесі өте күрделі мәселелердің біріне